Әділет

# Нарықтық тетіктерді қолдана отырып, азық-түлік нарығын реттеу жөніндегі шаралар кешенін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2011 жылғы 18 шілдедегі № 92-ө Өкімі

Халықтың әл-ауқатын жақсарту, елдің азық-түлік қауіпсіздігін нығайту мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған нарықтық механизмдерді қолдана отырып, азық-түлік нарығын реттеу жөніндегі шаралар кешені (бұдан әрі – шаралар кешені) бекітілсін.

2. Мүдделі орталық мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері және «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы (келісім бойынша):

1) шаралар кешенінің тиісінше және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;

2) жартыжылдықтың және жылдың қорытындылары бойынша 15 шілдеге және 15 қаңтарға Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне шаралар кешенінің іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі жыл сайын 1 тамызға және 1 ақпанға Қазақстан Республикасының Үкіметіне шаралар кешенінің орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат беруді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне жүктелсін.

*Премьер-Министр* *К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2011 жылғы 18 шілдедегі
№ 92-ө өкімімен
бекітілген

## Нарықтық тетіктерді қолдана отырып, азық-түлік нарығын реттеу жөніндегі шаралар кешені

| Р/с № | Іс-шараның атауы | Жауапты орындаушылар | Аяқталу нысаны | Орындалу мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1. | Шаралар кешенінің 1-қосымшасында көрсетілген, елдің өңірлеріндегі тамақ өнімдерінің өндірілуі мен тұтыну теңгерімі негізінде есептелген ауыл шаруашылығы дақылдарының егістік алқаптарын кеңейту жөнінде шаралар қабылдау | Облыстардың әкімдіктері, «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ (келісім бойынша) | АШМ-ға ақпарат | 2012-2014 жылдардың жартыжылдық қорытындысы бойынша |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2. | Шаралар кешенінің 2-қосымшасына сәйкес жабық топырақтағы көкөніс дақылдары алқабын кеңейту жөніндегі шаралар қабылдау | Облыстардың әкімдіктері, «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ (келісім бойынша) | АШМ-ға ақпарат | 2012-2014 жылдардың жартыжылдық қорытындысы бойынша |
| 3. | Шаралар кешенінің 3-қосымшасына сәйкес жаңа көкөніс сақтау қоймаларын салу және/немесе олардың жұмыс істеп тұрғандарын жаңғыртуға бизнес құрылымдарды тарту бойынша шаралар қабылдау | Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ (келісім бойынша) | АШМ-ға ақпарат | 2012-2014 жылдардың жартыжылдық қорытындысы бойынша |
| 4. | Ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісін субсидиялау нормативтерін келісу кезінде шаралар кешенінің 1 және 2-қосымшаларында көрсетілген өңірлердің мамандандырылуы мен ашық және жабық топырақ алқабын кеңейту жоспарларын ескеру | АШМ, ЭДСМ, Қаржымині, облыстардың әкімдіктері | Облыс әкімінің шешімі | 2012-2014 жылдардағы наурыз |
| 5. | Қажет болған жағдайда көкөніс сақтау қоймаларын, жылыжайлар салу жобаларын бірлесіп қаржыландыру және/немесе бизнес субъектілерінің тәуекелдерін ішінара кепілдендіру үшін ӘКК жарғылық капиталын ұлғайту бойынша шараларды қабылдау | Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері | АШМ-ға ақпарат | 2011 жылғы 15 қазан |
| 6. | Жеміс-көкөніс өнімдерін өндірушілерді салықтық қолдау, оның ішінде жанама салықтар есебінен қолдау шараларын әзірлеу бөлігінде мәселені пысықтау | АШМ, Қаржымині, ЭДСМ | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізу | 2011 жылғы тамыз |
| 7. | «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына жергілікті атқарушы органдарға азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорын құру, сақтау және пайдалану жөніндегі функцияларды беру, тұтыну бағасының индексін анықтау үшін азық-түлік тауарларына бағаларды болжау бөлігінде түзетулер енгізуді көздейтін Қазақстан Республикасының Заңын жобасының тұжырымдамасын әзірлеп, Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ВАК қарауына енгізу | АШМ, Қаржымині, ЭДСМ | Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ВАК қарауына заң жобасының тұжырымдамасын шығару | 2011 жылғы шілде |
| 8. | Республикалық бюджеттен берілген кредиттерді, сондай-ақ мемлекет кепілдік берген қарыздар шеңберінде республикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражатты қайтару және қайта құрылымдау жөніндегі ВАК қарауына 2010 жылы «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ бөлінген бюджеттік кредитті 2012 жылғы 1 қарашаға дейін 17,1 млрд. теңге сомасындағы негізгі борышты өтеу мерзімін ұзарту арқылы қайта құрылымдау мәселесін шығару | АШМ, Қаржымині, «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ (келісім бойынша) | ВАК қарауына бюджеттік кредитті қайта құрылымдау туралы ұсынысты шығару | 2011 жылғы 15 желтоқсан |
| | 2012-2014 жылдарға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде жергілікті атқарушы органдардың азық-түлік тауарларының | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 9. | тұрақтандыру қорын қалыптастыруына республикалық бюджеттен 17,1 млрд. теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер бөлуді көздейтін жаңа бюджеттік бағдарламаны іске асыру мәселесін пысықтау | АШМ, ЭДСМ, Қаржымині | РБК шешімі | 2011 жылғы 20 қыркүйек |
| 10. | Азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорын қалыптастыру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруға қажетті құрылыстар салу (сатып алу) үшін ӘКК жанында мамандандырылған ұйымдарды капиталдандыру мақсатында жергілікті бюджет есебінен қаражат бөлу мүмкіндігін қарастыру | Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, ЭДСМ | АШМ-ға ақпарат | 2011-2012 жылдардағы 1 желтоқсан |
| 11. | 2011-2013 жылдарға арналған республикалық бюджетті нақтылау кезінде негізгі тамақ өнімдері бағаларының қымбаттауына байланысты атаулы әлеуметтік көмек төлеуге қосымша қаражат бөлу мәселесін пысықтау | Еңбекмині, Қаржымині, ЭДСМ, АШМ | РБК шешімі | 2011 жылғы 20 қыркүйек |
| 12. | Сауда қызметін ұйымдастыру ережесіне коммуналдық базарлардың қызметі мен оларға қойылатын талаптарды регламенттеу (азық-түлік тауарларының саудасы үшін тіркелген алаңды бекіту , рентабельділік нормасын белгілеу) бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу | ЭДСМ, АШМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | 2011 жылғы қыркүйек |
| 13. | Фьючерстік негізде маңызды азық-түлік ресурстары бойынша (қант құрағы, майлы дақылдар тұқымы, ұн, ұзақ мерзімге сақталатын көкөністер және құрғақ сүт ) биржалық сауда-саттық жүргізу үшін тауар биржалар бірінің базасында мамандандырылған сауда алаңын құру мәселесін пысықтау | ЭДСМ, АШМ | Қазақстан Республикасы Үкіметіне ақпарат | 2011 жылғы қыркүйек |
| 14. | Өңірлерде жәрмеңкелер, «жасыл» керуендер, «егіс алаңынан үстелге дейін» тікелей тауар жеткізуді ұйымдастыру арқылы азық-түлік тауарларының бағасын тежеу жөніндегі жұмысты жалғастыру | Облыстардың Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері | АШМ-ға ақпарат | 2011-2014 жылдардың жартыжылдық қорытындысы бойынша |

**Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:**

Қаржымині – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
ЭДСМ – Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі
Еңбекмині – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
ІІМ – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
АШМ – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
«ҚазАгро» ҰБХ» АҚ – «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
РБК – Республикалық бюджет комиссиясы
ӘКК – Әлеуметтік кәсіпкерлік корпорация

Нарықтық тетіктерді қолдана отырып, азық-түлік нарығын реттеу жөніндегі шаралар кешеніне 1-қосымша

## Қазақстан Республикасында азық-түлік тауарлары өндірісінің көлемін ұлғайту мақсатында егістік алқаптарды кеңейту жоспары

### Картоп - 2014 жылға қарай 9,55 мың га, оның ішінде:

| Р/с № | Облыстар | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Ақмола | 0,3 | 0,4 | 0,45 | 1,15 |
| 2 | Алматы | 0,2 | 0,2 | 0,3 | 0,70 |
| 3 | Шығыс Қазақстан | 0,35 | 0,4 | 0,6 | 1,35 |
| 4 | Жамбыл | 0,1 | 0,1 | 0,1 | 0,30 |
| 5 | Қарағанды | 0,45 | 0,6 | 0,75 | 1,80 |
| 6 | Қостанай | 0,1 | 0,1 | 0,15 | 0,35 |
| 7 | Павлодар | 0,9 | 0,5 | 0,5 | 1,90 |
| 8 | Солтүстік Қазақстан | 0,4 | 0,55 | 0,75 | 1,70 |
| 9 | Оңтүстік Қазақстан | 0,1 | 0,1 | 0,1 | 0,30 |
| | **Республика бойынша барлығы:** | **2,9** | **2,95** | **3,7** | **9,55** |

### Асхана сәбізі - 2014 жылға қарай 1,765 мың га, оның ішінде:

| Р/с № | Облыстар | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Ақмола | 0,03 | 0,05 | 0,06 | 0,140 |
| 2 | Алматы | 0,05 | 0,065 | 0,07 | 0,185 |
| 3 | Шығыс Қазақстан | 0,05 | 0,05 | 0,05 | 0,150 |
| 4 | Жамбыл | 0,06 | 0,055 | 0,065 | 0,180 |
| 5 | Қарағанды | 0,03 | 0,05 | 0,05 | 0,130 |
| 6 | Қостанай | 0,06 | 0,07 | 0,07 | 0,200 |
| 7 | Павлодар | - | 0,35 | 0,1 | 0,450 |
| 8 | Солтүстік Қазақстан | 0,045 | 0,05 | 0,06 | 0,155 |
| 9 | Оңтүстік Қазақстан | 0,05 | 0,06 | 0,065 | 0,175 |
| | **Республика бойынша барлығы:** | **0,375** | **0,8** | **0,59** | **1,765** |

### Ақ кочанды орамжапырақ - 2014 жылға қарай 2,250 мың га, оның ішінде:

| Р/с № | Облыстар | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Ақмола | 0,04 | 0,05 | 0,055 | 0,145 |
| 2 | Алматы | 0,06 | 0,065 | 0,7 | 0,825 |
| 3 | Шығыс Қазақстан | 0,04 | 0,05 | 0,05 | 0,140 |
| 4 | Жамбыл | - | 0,01 | 0,01 | 0,020 |
| 5 | Қарағанды | 0,04 | 0,05 | 0,05 | 0,140 |
| 6 | Қостанай | 0,06 | 0,07 | 0,07 | 0,200 |
| 7 | Павлодар | - | 0,35 | 0,10 | 0,450 |
| 8 | Солтүстік Қазақстан | 0,045 | 0,05 | 0,055 | 0,150 |
| 9 | Оңтүстік Қазақстан | 0,06 | 0,06 | 0,06 | 0,180 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Республика бойынша барлығы:** | **0,345** | **0,755** | **1,15** | **2,250** |

## Қияр - 2014 жылға қарай 0,630 мың га, оның ішінде:

| **Р / с №** | **Облыстар** | **2012 жыл** | **2013 жыл** | **2014 жыл** | **Барлығы** |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Алматы | 0,07 | 0,07 | 0,07 | 0,210 |
| 2 | Жамбыл | 0,07 | 0,07 | 0,07 | 0,210 |
| 3 | Оңтүстік Қазақстан | 0,07 | 0,07 | 0,07 | 0,210 |
| | **Республика бойынша барлығы:** | **0,21** | **0,21** | **0,21** | **0,630** |

## Қызанақ - 2014 жылға қарай 0,850 мың га, оның ішінде:

| **Р / с №** | **Облыстар** | **2012 жыл** | **2013 жыл** | **2014 жыл** | **Барлығы** |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Алматы | 0,07 | 0,11 | 0,11 | 0,29 |
| 2 | Жамбыл | 0,07 | 0,10 | 0,10 | 0,27 |
| 3 | Оңтүстік Қазақстан | 0,07 | 0,11 | 0,11 | 0,29 |
| | **Республика бойынша барлығы:** | **0,21** | **0,32** | **0,32** | **0,85** |

## Пияз - 2014 жылға қарай 0,3 мың га, оның ішінде:

| **Р / с №** | **Облыстар** | **2012 жыл** | **2013 жыл** | **2014 жыл** | **Барлығы** |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Алматы | 0,02 | 0,03 | 0,04 | 0,09 |
| 2 | Жамбыл | 0,02 | 0,03 | 0,04 | 0,09 |
| 3 | Кызылорда | 0,01 | 0,01 | 0,01 | 0,03 |
| 4 | Оңтүстік Қазақстан | 0,02 | 0,03 | 0,04 | 0,09 |
| | **Республика бойынша барлығы:** | **0,07** | **0,1** | **0,13** | **0,30** |

## Майлы дақылдар тұқымы - 2014 жылға қарай 66,8 мың га, оның ішінде:

| **Р / с №** | **Облыстар** | **2012 жыл** | **2013 жыл** | **2014 жыл** | **Барлығы** |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Ақмола | 1 | 1,9 | 2 | 4,9 |
| 2 | Ақтөбе | 3 | 3 | 4 | 10,0 |
| 3 | Алматы | 0,7 | 0,7 | 0,7 | 2,1 |
| 4 | Шығыс Қазақстан | 1,5 | 1,5 | 1,8 | 4,8 |
| 5 | Жамбыл | 1,1 | 1,1 | 1,1 | 3,3 |
| 6 | Батыс Қазақстан | 0,1 | 0,1 | 0,1 | 0,3 |
| 7 | Қарағанды | 0,7 | 0,7 | 0,8 | 2,2 |
| 8 | Қостанай | 4 | 5,2 | 7,2 | 16,4 |
| 9 | Қызылорда | 0,1 | 0,1 | - | 0,2 |
| 10 | Павлодар | 2,3 | 1,0 | 1,0 | 4,3 |
| 11 | Солтүстік Қазақстан | 9 | 4 | 1 | 14,0 |
| 12 | Оңтүстік Қазақстан | 1,3 | 1,5 | 1,5 | 4,3 |
| | **Республика бойынша барлығы:** | **24,8** | **20,8** | **21,2** | **66,8** |

## Қарақұмық - 2014 жылға қарай 52,1 мың га, оның ішінде:

| **Р / с №** | **Облыстар** | **2012 жыл** | **2013 жыл** | **2014 жыл** | **Барлығы** |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Ақмола | 1,6 | 2 | 2 | 5,6 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2 | Шығыс Қазақстан | 4 | 4 | 4,6 | 12,6 |
| 3 | Қостанай | 2 | 2,1 | 4 | 8,1 |
| 4 | Павлодар | 4 | 4,8 | 5 | 13,8 |
| 5 | Солтүстік Қазақстан | 3 | 4 | 5 | 12 |
| | **Республика бойынша барлығы:** | **14,6** | **16,9** | **20,6** | **52,1** |

Нарықтық тетіктерді қолдана отырып, азық-түлік нарығын реттеу жөніндегі шаралар кешеніне 2-қосымша

## Жабық топырақта өсірілетін көкөніс дақылдарын ұлғайту жоспары

**Жабық топырақтың аумағы - 2014 жылға қарай - 291,95 га (оның ішінде: өнеркәсіптік жылыжай – 20,95 га, оңайлатылған жылыжай – 271 га), оның ішінде:**

| **Р/с №** | **Облыстар** | **Өнеркәсіптік жылыжай** | **Оңайлатылған (пленка) жылыжай** | **Барлығы** | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **2012 жыл** | **2013 жыл** | **2014 жыл** | **2012 жыл** | **2013 жыл** | **2014 жыл** | | | |
| 1 | Алматы | | 3 | | 24 | 24 | 24 | 75 |
| 2 | Ақтөбе | | | 3 | 2 | | | 5 |
| 3 | Жамбыл | 3 | | | 15 | 16 | 17 | 51 |
| 4 | Батыс Қазақстан | 0,95 | 1 | 1 | | | | 2,95 |
| 5 | Қарағанды | | | 3 | | | | 3 |
| 6 | Қызылорда | | | | 2,5 | 2,5 | 3 | 8 |
| 7 | Павлодар | 3 | | | | | | 3 |
| 8 | Оңтүстік Қазақстан | | 3 | | 46 | 47 | 48 | 144 |
| | **Республика бойынша барлығы:** | 6,95 | 7 | 7 | 89,5 | 89,5 | 92 | 291,95 |

Нарықтық тетіктерді қолдана отырып, азық-түлік нарығын реттеу жөніндегі шаралар кешеніне 3-қосымша

## Көкөніс сақтау қоймаларын салу/жаңғырту ЖОСПАРЫ

**2014 жылға қарай қосымша 310,7 мың тонна, оның ішінде:**

| **Р/с №** | **Облыстар** | **2012 жыл** | **2013 жыл** | **2014 жыл** | **Барлығы** |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Ақмола | 2 000 | 5 000 | 2 000 | 9 000 |
| 2 | Ақтөбе | - | 8 000 | 2 000 | 10 000 |
| 3 | Алматы | 23 400 | 5 900 | 7 200 | 36 500 |
| 4 | Атырау | 2 000 | - | - | 2 000 |
| 5 | Шығыс Қазақстан | 2 000 | 8 000 | 8 000 | 18 000 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 6 | Жамбыл | 8 000 | 4 000 | 4 000 | 16 000 |
| 7 | Батыс Қазақстан | - | 4 200 | 5 000 | 9 200 |
| 8 | Қарағанды | 8 000 | 22 000 | 24 000 | 54 000 |
| 9 | Қостанай | 8 000 | - | 8 000 | 16 000 |
| 10 | Қызылорда | 3 000 | 5 000 | 7 000 | 15 000 |
| 11 | Маңғыстау | 8 000 | 4 000 | 4 000 | 16 000 |
| 12 | Павлодар | 8 000 | 3 000 | 8 000 | 19 000 |
| 13 | Солтүстік Қазақстан | - | 8 000 | - | 8 000 |
| 14 | Оңтүстік Қазақстан | 14 000 | 14 000 | 10 000 | 38 000 |
| 15 | Алматы қаласы | 6 000 | 7 000 | 7 000 | 20 000 |
| 16 | Астана қаласы | 8 000 | 8 000 | 8 000 | 24 000 |
| | **Республика бойынша барлығы:** | **100 400** | **106 100** | **104 200** | **310 700** |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК